

М. Қозыбаев атындағы СҚУ түлегінің моделі / түлегінің атрибуттары

М. Қозыбаев атындағы СҚУ түлегінің моделі барлық білім беру бағдарламалары бойынша түлек моделін қалыптастырудың негізі болып табылады.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ түлегінің моделі келесі құзыреттер түрлері арқылы айқындалады: негізгі, жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттер. Осы құзыреттер аясында мінез-құлық дағдылары мен тұлғалық қасиеттер (soft skills), кәсіби дағдылар (hard skills), цифрлық дағдылар (digital skills) қалыптасады.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ түлегі:

- Өзінің пәндік саласы бойынша іргелі білімге ие, өмір бойы өзін-өзі оқытуға қабілетті;
- Қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін конструктивті өзара әрекеттесуге және шешім қабылдауға қабілетті;
- Өмірлік маңызды міндеттерді шешуде технологияларды тиімді пайдалана отырып, цифрлық құзыреттілігін көрсетеді;
- Креативтілік танытады, шығармашылыққа және жасампаз әлеуметтік белсенділікке қабілетті;
- Әртүрлі тілдік ортада қарым-қатынас жасап, тарихи және мәдени мұраға құрмет пен толеранттылық танытады;
- Елдің әрбір азаматының өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасауға қатысады;
- Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және тұрақты даму идеяларын қалыптастыруға бағдарланған.

Атрибуттар — бұл университет студентке оқуын аяқтап, түлек атанғанға дейін қалыптастыруға көмектесетін білім, дағдылар, құндылықтар мен қасиеттер. Атрибуттар түлекке жұмыс іздеуде, іріктеу критерийлерінен өтуде және/немесе сұхбат барысында көмектеседі.

